

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университетінде Исламтану мамандығы бойынша құрылған диссертациялық кеңесіне ұсынылған «6D021500—Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Анарбаев Нурлан Сайлауұлының «Орта ғасырлық ханафи ғалым Әбу-л Қасым әл-Фараби//әл-Фаріабидің (?-1210) «Халисату-л хақайқ» трактатындағы моральдық-этикалық нормалар: мәні мен маңызы» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Ислам өркениетінің прогрессивті интеллектуалды дамуына Орта Азия кеңістігінен шыққан ғалымдар мен ойшылдардың қосқан үлесі аз болған жоқ. Исламға сүбелі үлес қосқан ортағасырлық ғұламалардың рухани мұраларын танып білу, оларды ғылыми негізде зерттеу – қазіргі таңның талабы. Осы мақсатта шығыстанушы ғалым Әбсаттар Дербісәлінің Фарабтан шыққан бірнеше ғұламаларды анықтауы, исламтану ғылымы саласындағы жетістік. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында исламтануға қатысты ғылыми мұраларымызды тануға мүмкіндік – оның маңыздылығына деген ықыластың оянуы. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, ортағасырлық ғалымдардың шығармаларын кешенді зерттеп, ғылыми айналымға енгізу арқылы қоғамдық мұраттарды негіздеу және сол арқылы еліміздің рухани тұғырларын нығайту мақсаты көрсетілген.

Орталық Азия халқының мұсылмандық дүниетанымы – ежелден негізі қаланған, ғасырлар бойы қолданыста болған әрі заманалар сынынан сүрінбей өткен рухани қафидалар мен ілімдер негізінде қалыптасқан.

Зерттеу жұмысы осы мақсатта таңдалып, ортағасырларда Шығыс пен Батыс өркениетін тоғыстырған ислам ілімінің негізі түсіндіріліп, ақида, фиқі, тасаууғ салаларына қатысты ахлақтың теория-методологиялық деңгейдегі көрініс беретін ұстанымдарын дәлелді түрде көрсете білген. Нактырақ айтсақ, зерттеу жұмысы – Орталық Азия тұмасы Әбу-л Қасым әл-Фараби//әл-Фаріабидің қолжазба мұрасы және оның Орта Азия кеңістігінде кең тараған моральдық-этикалық ұстанымдар жүйесін дамытуға қосқан үлесі айқындалып, өркениеттер шарттылығындағы мәні мен маңызы кеңінен танылады.

Қазіргі таңда дінге деген қызығушылық қоғам талабы. Ал дін тек формалық қафидалардан тұрмайды, оның рұхани тұстары да бар. Ол дін саласында тасаууғ немесе ахлақ делінеді. Сондықтан діннің қафидалық қалыптарын ұстануды басты мақсат еткен буквалистерге, діннің рухани, ахлақтық қырын баяндау өзекті. Әсіреле осы зерттеуде қамтылған, ақида мен фиқі саласының ахлаққа қызмет етуін таныту аса маңызды екені танытылады.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми нәтижелері логикалық байланыспен ерекшеленеді. Еңбек Қазақстанда алғаш рет кешенді түрде зерттелініп отыр.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Докторанттың ғылыми ізденісі барысында қарастырған Әбу-л Қасым әл-Фараби//әл-фарйабидің өмірі мен шығармашылығы бұрын-соңды зерттелмеген дүние. Сол себептен, ізденуші Әбу-л Қасымның өміріне қатысты зерттеу жасауын, адам тәрбиесі негізінде жазылған «Халисату-л хақайқ» еңбегін жанжақты талдауын отандық исламтану саласына қосқан өзіндік үлесі бар жұмыс деп есептеуге болады.

Диссертацияда Орталық Азияда ханафи-матуридилік мектептің даму тарихындағы Әбу-л Қасым ілімінің орны зерттеліп, оның ислам теологиясына қатысты маңыздылығын көрсететін ғылыми мақсаттары мен міндеттері дәлелді түрде тұжырымдалып, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілген:

Бірінші ғылыми нәтиже. Әбу-л Қасымның өміріне қатысты араб, түрік және басқа да тілдердегі классикалық тарихи-ғұмырнамалық дереккөздерге сүйене отырып, осы негізде «садр» (Ханафи ғалымы) және «Әли Бурнан» (Ханафи ғалымдарының отбасы), «Бурнан ад-дин» (Діннің тірегі), «Садру-л жиһан» (әлемнің тірегі) сынды терминдерді түсіндіру арқылы Әбу-л Қасымның өмір сүрген ортасын анықтап, ойшылдың ұстаздары мен шәкірттері дәлелденген. Сонымен қатар араб тілді қолжазбаға қатысты зерттеу жұмыстар жасалып, Әбу-л Қасымның «Халисату-л хақайқ» еңбегінің нұсқалары әлем кітапханаларындағы орындарын анықтап, трактатқа текстологиялық, герменевтикалық, семантикалық талдау жасаған. Сонымен қатар библиография еңбектерінде аталмаған «Қисасу-л анбия» трактаты Мысырдағы «Дару-л кутуб» кітапханасында сактаулы нұсқасын тапқан. Қолжазба нұсқаларын іздеу мен олардың атауларын нақтылаштырып, Әбу-л Қасымға қатысты трактаттарды толық ашып берген;

Екінші ғылыми нәтиже. Орта Азиялық ойшыл ғалымдардың ханафи-матуридилік ұстанымда болғандығын нақтылау аса маңызды. Осы мақсатта Ханафи және Матуриди мәзhabындағы еңбектерге және «Халисату-л хақайқтағы» мәтіндерге сүйене отырып ойшылдың Ханафи-Матуриди ұстанымында екендігін дәлелдеген. Сонымен қатар Әбу-л Қасымның ахлақ саласында жазған «Қисасу-л анбия», «Халисату-л хақайқ» еңбектерін сипаттап таныстыру арқылы ойшылдың еңбек жазудағы мақсаты адам тәрбиесі, көркем мінез екендігін және хадис саласында білікті ғалым екендігін айқындалап көрсеткен;

Үшінші ғылыми нәтиже. Ахлаққа қатысты «этика», «мораль», «әдеп», «ізгілік», «ахлақ» сөздеріне және осы терминдерге қатысты жазылған еңбектерге талдау жасау арқылы «хулуқ қасби» мағынасындағы адам бойындағы өзгеретін, тәрбиеленетін ахлақты негізге алған. Сонымен қатар ортағасырлық ислам ойшылдарының ахлақ саласында жазған классикалық еңбектері мен Әбу-л Қасымның «Халисату-л хақайқын» салыстыра келе бұл еңбектің ерекшелігі мен құрылымдық жүйесін айқын көрсете білген. Онда ахлақтың ақыл мен білім және

иман негізінде қалыптасатындығы ортағасырлық ғалымдардың классикалық еңбектерімен салыстыра келе дәлелдеген.

Төртінші ғылыми нәтиже. Әбу-л Қасым адамды көркем мінезге насихаттаудағы қолданған тәсілдері «Халисату-л хақайқ» трактаты негізінде нақтыланған. Бұл тәсілде ақылға һәм сезімге көзіл бөле отырып жалпылықты негізге алғып түсіндіруге тырысқан.

Бесінші ғылыми нәтиже. «Халисату-л хақайқтағы» моральдық парыз ұғымын жан-жақты қарастырып, оның ислам ахлақындағы ролі баяндалған. Осы негізде ислам шариатындағы ақылдың маңыздылығы, иманның ахлақпен байланысы, ғибадаттың көркем мінезді болуға жетелейтін міндеттілігі, қоғамдағы ахлақтық жауапгершілікке негізделетіндігі нақтыланған;

Алтыншы ғылыми нәтиже. «Халисату-л хақайқтағы» «риязат» пен «мужаһада», «қауіп пен ұміт», «тәубе мен дұға», «үзлет пен хылуует», «ниет», «қалб» сынды сопылық категориялардың адамды көркем мінезді болуға міндеттейтін моральдық парызға ықпалы анықталды. Бұл категориялардың өзара байланысы болғаны секілді, айырмашылықтары да көрініс тауып, негізгі мақсаты жүрек тазалығы, ал оған ниеттің дұрыс болуын шартты фактор ретінде қарастырған. Ізденуші бұл тәжірибелік тәсілді адамды кемелдікке жетелейтін жетістігі мол ғылыми тәсіл ретінде көрсете білген.

Жетінші ғылыми нәтиже. «Халисату-л хақайқ» шығармасындағы әділдік, ұят, шыншылдық, кішіпейілдік сынды діни ұғымдардың мәнін ашып оның түркі мәдениетімен сабактастырып көрсетілген. Сондай-ақ бұл ұғымдарды түсіндіру барысында діни тұрғыда иманен байланыстырып, иман мен ахлақтық құндылықтардың біртұтастырып түйінделген.

3. Доктаранттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Доктарант өзінің ғылыми жұмысында қол жеткізген ғылыми нәтиженің негізделуі мен дәйектелуінің және олардың шынайылық, сапалылық деңгейін төмендегідей көрсетуге болады:

Бірінші нәтиже. Әбу-л Қасымның тұлғалық ерекшелігі, өмірі мен білім ортасы араб, парсы және «Тариху-л Ирбили» сынды библиография еңбектеріне және осы күнге дейін сақталып келген ойшылдың «Халисату-л хақайқ» және «Қисасу-л анбия» қолжазбаларына негізделе отырып дәлелденген. Сонымен қатар Станбул, Еипет, Мекке, Бағдад кітапханаларындағы «Халисату-л хақайқтың» қолжазба нұсқалары анықталып, өзара мәтіндік салыстырмалық талдау жасаған. Сонымен қатар, «Халисату-л хақайқтың» атауына қатысты қолжазбалардағы, библиография кітаптарындағы және трактаттың мазмұнына сай болуына қарай негізделген.

Екінші нәтиже. Әбу-л Қасымның мәзhabтық ұстанымын Матуриди мен ханафи мәзhabында жазылған классикалық фикһ кітаптарына және хадис, тасаууф саласындағы еңбектерге сүйеніп зерделеген.

Үшінші нәтиже. «Халисату-л хақайқтың» құрылымын анықтау арқылы ахлақты насиҳаттауда ақыл, білім және иман кемелдігіне негізделетіндігін анықтаған.

Төртінші нәтиже. «Халисату-л хақайқтағы» мәтіндерге негізделе отырып ахлақтық құндылықтарды исламдағы түрлі сала мамандарының тұжырымдарымен және «қорқыту», «қызықтыру» тәсілімен сонымен қатар тақырыптың салмағын арттыратын Құран аяты мен хадис шәріпті қолдана отырып насиҳаттағанын дәлелдеген.

Бесінші нәтиже. Диссертант кемел адам, көркем мінезді адам болуға міндеттейтін моральдық парыз ұфымын кемел иман, тазалық, намаз, ораза, қажылышының құлшылықтар, зеректік, ақыл және қоғамның жамандықтан тыю, жақсылықта шақыру міндеттілігі арқылы жүзеге асатындығына негізделген.

Алтыншы нәтиже. «Халисату-л хақайқта» адам тәрбиесі риязат, тәубе, дұға сынды сопылық категориялармен және көніл тазалығы, шынайы ниет арқылы жүзеге асатындығына негізделген.

Жетінші нәтиже. «Халисату-л хақайқтағы» әділдік, кішіпейілдік, ұят сынды моральдық құндылықтарды талдап, олардың қазіргі таңдағы өзектілігі мен қазақ қоғамындағы маңыздылығы зерделенген.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі және дәйектелу деңгейі ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертант әрбір ғылыми нәтижені, тұжырымдар мен қорытындыларды негіздеуде осы мәселеге қатысты ғылыми ізденістер жасап, онда тақырыпқа қатысты жарияланған еңбектерге, шетелдік және отандық ғалымдардың жұмыстарына сүйенген. Сонымен қатар, ізденуші негізінен қазіргі әдіснамалық тәсілдерді басшылыққа алып, диссертациялық еңбектің әрбір ғылыми нәтижесі негізделуі мен дәйектелуін жоғары дәрежеде көрсете білген. Зерттеу жұмысының негізділігі және дәлелділігі әдіснамалық және теориялық позициялармен анықталады.

4. Докторанттың диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже – жаңа. Себебі Әбу-л Қасымның өміріне қатысты құнды деректер мен ойшылдың өмір сүрген ортасы анықталған. Докторант алғаш рет ғалым туралы деректер жинап, сараптама жасаған. Сонымен қатар бұрын соңды зерттелмеген Әбу-л қасымның «Қисассу-л анбия», «Әл-Асилату ал-амия уа ажуибату ал-жамия» қолжазбаларының атауы мен қайда сақталғандығы және «Халисату-л хақайқтың» бірнеше нұсқаларын салыстыра отырып ең көнесі әрі автордың көзі тірісінде жазылғаны анықталған.

Екінші ғылыми нәтиже – жаңа. Әбу-л Қасымның діни ұстанымдарын бұрын соңды ешкім дәлелдемегендіктен ойшылдың құлшылықта Ханафи, ақидада Матурди ұстанымында екендігін және хадис, ахлақ саласында білікті ғалым болғандығы зерттелген.

Үшінші ғылыми нәтиже – жаңа. Бұл доктаранттың қол жеткізген негізгі әрі басты зерттеу жетістігі. Мұнда Әбу-л Қасымның негізгі еңбекі «Халисату-л хақайқ» елімізде алғаш рет текстологиялық және құрылымдық-мазмұндық қырынан талданып, ақыл, білім, иман кемелдігі ислам дінін танытудағы, ахлақты насиҳаттаудағы нақты фактор екендігі тұжырымдалған.

Төртінші ғылыми нәтиже – жаңа. Ислам тарихында «мораль», «этика», «ахлақ», «әдеп» үғымдарына және осы салаларда жазылған еңбектерге сараптама жасап ортағасырлық Әбу-л Қасымның «Халисату-л хақайқ» трактатындағы ахлақты насиҳаттауда жүйелік ерекшелігі мен құрылымы ислами тұрғыда кеңінен баяндалған.

Бесінші ғылыми нәтиже – жаңа. «Халисату-л хақайқ» трактаты негізінде адам тәрбиесі үшін моральдық парыздың маңыздылығы мен оның иманмен, кемел ақылмен, қоғамның жауапгершілігімен, құлышылықтағы міндettілікпен қалыптасатындығы шариги тұрғыда дәйектелген.

Алтыншы ғылыми нәтиже – жаңа. Салыстырмалы түрде жаңа, себебі «Халисату-л хақайқтағы» сопылық категориялардың ортағасырлық ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымдармен салғыластыра келе адамды кемелдікке жетелейтін тәжірибелік негіздер екендігі ғылыми түрде негізделген.

Жетінші ғылыми нәтиже – салыстырмалы жаңа. Себебі ахлақтық құндылықтар – ислами тұрғыда түсіндіріліп, танылған. Алайда Ортағасырлық Әбу-л Қасымның «Халисату-л хақайқындағы» ахлақтық құндылықтардың қазақ қоғамымен сабактастыры жағынан алғанда жаңалық болып саналады себебі қоғамымен сабактастыры жағынан алғанда жаңалық болып саналады себебі ислами құндылықтарды иманмен байланыстыра түсіндіруде қазақ ойшылдарының еңбектерімен сабактастырыла түсіндірілген.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы. Ғылыми зерттеу жұмысында алынған нәтижелер қазіргі таңдағы рухани ахуал мен діни ренессанс үрдісі байқалған тұста ислами дәстүрлі құндылықтарды қайта бағалауға және қазіргі жаһандану жағдайында жат ағымдарға қарсы тұрудың иммунитетін қалыптастырады. Орталық Азия елінің рухани мұрасын игере отырып, діни, мәдени бірегейлікті қалыптастырудың ғылыми алғышарттарын орнықтыруға өзіндік үлесін қосады. Ғылыми жұмыс материалдарын жоғарғы оқу орындарында, исламтану, дінтану, түркітану салалары бойынша бакалаврлар мен магистранттар үшін арнайы курсарды оқытуда, дәрістер мен семинар сабактарын жүргізуде пайдалануға болады.

Диссертациялық жұмыс барысында жалпыланған және жүйеленген материал және соның негізінде жасалған тұжырымдар, алда келетін кейіріп ескертулер ескерілген жағдайда, мемлекеттің діни идеологиясына қатысты мәселелердің теориялық негіздерін кеңейтуге, жаһандану жағдайындағы Қазақстанның рухани құндылықтарын ескеретін діни саясатты жүзеге асыруға айтартықтай үлесін қоса алады. Диссертацияның тұжырымдары мен қорытындылары қазіргі қоғамдағы діни алауыздықтардың алдын алуға, тарихи мұра сабактастырын жандандырып, Қазақстан халқының дәстүрлі діни түсінігінің ғылыми негізін қалыптастыруға алғышарт бола алады.

Осыған орай ізденушінің қол жеткізген ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы бар деп айтуға негіз бар.

6 Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Зерттеу жұмысының негізгі қағидалары, ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік баспаларда, түрлі халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 9 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған басылымдарда жарыққа шыққаны – 4. Нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетел журналында басылған мақалалар - 1. Халықаралық және шетелдік ғылыми конференция материалдарында баяндалған диссертацияның негізгі тезистері – 4.

7. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Ізденушінің диссертациялық жұмысы ислам өркениеті мен түркілік мәдениеттің біртұтас синтездік зерттеуі болып табылады. Диссертациялық зерттеу жұмысы логикалық негізге құрылғып, тақырыптың мәні мен маңызын ашады. Жұмыстың ғылыми нәтижелері ортағасырлық түркі халықтарының ислам өркениетіне қосқан үлесі жүйелі зерттеліп, ислам ахлағын дамытқан ханафи-матрудилік Әбу-л Қасымның «Халисату-л хақайқына» жан-жақты талдау жасалғанын көрсетеді, сонымен қатар еңбек ішкі біртұтас бірлікте жүйеленгені байқалады. Доктарант диссертация жұмысында алға қойған мақсат-міндеттерге, көтерген тақырыбына сәйкес біршама ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Жұмыстың құрылымының жүйелігінен, ішкі бірлігі сабактастырынан ғылыми зерттеу мазмұнының ішкі логикасы, тұжырымдалған ғылыми нәтижелердің қисындылығы айқын көрінеді. Диссертацияның тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары ғылыми тұрғыда дәйектелген. Өзара үйлесімділік тапқан теориялық сарапталуы мен қолданылған әдіс-тәсілдері ғылыми зерттеу талабына сәйкес келеді. **Диссертациялық жұмыстың мазмұны** концептуалдық тұрғыда тұстастырымен еркшеленеді.

8. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертациялық жұмыстың орындалуы диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап береді. Дегенмен, зерттеу жұмысы барысында кеткен сын-ескертпелерді атап өтуге болад:

1. Ізденуші ахлақ саласында жазылған араб тілді жазылған іргелі еңбектерге сүйенген. Алайда ортағасырда парсы тілінде жазылған еңбектермен де салыстырғанда еңбектің құндылығы арта түсер еді.

2. 2.1 бөлім Ортағасырлық ислам ойшылдарының діни-философиялық ойтұжырымдарын талдауға арналған екен, бұл бөлімде әль-Фараби, Ибн Сина, Ибн

Рушд секілді атақты мұсылман философтардың діни-философиялық тұжырымдары қарастырылмаған.

3. Зерттеу жұмысында орфографиялық кемшіліктер орын алған.

4. Диссидент зерттеу жұмысының кейбір жерлерінде «Халисату-л хақайқа» сілтеме бермеген. Мысалы: 63 бетте.

Алайда жоғарыда көрсетілген ұсыныстар мен кемшіліктер қорғауға ұсынылып отырған жұмыстың зерттелу дәрежесіне, тұтастай алғандағы ғылыми маңыздылығы мен құндылығына нұқсан келтірмейді.

9. Диссертациялық жұмыстың ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2 бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

«6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Анарбаев Нұрлан Сайлауовичтың «Ортағасырлық ханафи ғалым Әбу-л Қасым әл-Фараби//әл-Фарйабидің (?-1210) «Халисату-л хақайқа» трактатындағы моральдық-этикалық нормалар: мәні мен маңызы» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны және рәсімделуі ҚР БІМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы «6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толығымен лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

**Шет тілдер және іскерлік карьера
университетінің доценті филос. ғ. қ.**


К.Ахмедов

